

Тоқпейсова Г.Ш., Қайырбаева А.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысында жер ресурстарын тиімді пайдалану әлеуетінің мүмкіндіктері және арттырудың жолдары жазылған. Инновациялық технология жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың негізі және бәсекеге қабілетті өнім өндірудің кепілі болады.

Кілт сөздер: жер ресурстары, егістік жер құнарлығы, жерді пайдаланудың экономикалық тиімділігі, жерді ұтымды пайдаланудың негізі, инновациялық технология.

Кіріспе

Ел Президенті 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: "Бірінші кезекте, әсіресе баға қалыптастырудың ашық механизмдері арқылы тиімді жер нарығын құру маңызды. Ауылшаруашылық жерлерін инвестиция тарту және озық технологиялар енгізуді ескеріп жалға бергенде ғана бәсеке күшейеді" деп атап көрсетті [1]. Еліміз ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының бесінші жылында ұлттық экономикамыздың әлеуетін арттыруға бағытталған "Қазақстан-2050" стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру шараларын жүзеге асыруда. Осы аталған бағдарламада жер ресурстарына қатысты арнайы шара қарастырылған "Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет" [2]. Әлемдік экономикадағы үлкен де күрделі өзгерістер және ЕО елдері мен АҚШ мемлекеттерінің Ресей елімен шиеленісі еліміздің ауылшаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және өз рыногын табуы қажеттігін алға тартуда. Әсіресе, оңтүстік өңірдің табиғи-климаттық жағдайында түсімі жоғары дақылдарды өсіруде инновациялық технологияларды қолдану әлеуетін арттыруды жеделдету керектігін алға қойып отыр. Алматы облысының ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді еселеп ұлғайтудың әлеуеті және экспортқа бәсекеге қабілетті азық-түлік түрлерін шығару мүмкіндігі жеткілікті. Оның ең бастысы жер ресурстарының барлығы және оны пайдалану тиімділігін арттыру шараларын қарастыру керек. Сонымен қатар жерді пайдалану және оны ұтымды қолдануды үшін жедел индустриялық-инновациялық технологияға ауыстыру қажет. Әлемдік тәжірибе анықтағандай, ішкі жалпы өнімнің өсуінің 90 пайызы инновациялық технологияны игеру арқылы болады. Оны игеру жер ресурстарының жағдайын жақсарту арқылы бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық дақылдарын өсіру мүмкіндігіне ие боламыз.

Елімізде, ауыл шаруашылығы саласын 2013-2020 жж. арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту (АӨК) бағдарламасы қабылданған. Осы бағдарламаны жүзеге асыруға жалпы алғанда 3122,2 млрд. теңге қаражат жұмсау көзделуде. Аталған қаражаттың 2 триллион 662 миллиарды мемлекеттік бюджет есебінен, ал қалған бөлігі облигациялық займдар және КазАгро жеке есебінен. Нақтырақ айтқанда, 2014 жылы – 106,2 млрд. теңге, ал 2015 жылы 90,7 млрд. теңге керек болмақ. Бағдарламаға сәйкес, 2020 жылы субсидиялау көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге артатын болады. Бағдарламада АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасау қарастырылған, отандық азық-түлік өндірушілерді Кедендік Одақ пен ДСҰ өту кезеңі аясындағы бәсекелестік тартысында қажетті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз жасау көзделген. Бүгінгі таңда Кедендік Одаққа 4 мемлекет: Армения, Белорусь, Қазақстан, Ресей және осы алдағы мамыр айына дейін Қырғызстан мемлекеті кірмекші. Елімізде ауылшаруашылық саласында негізгі 4

міндеттерді жүзеге асыру жоспарланған: АӨК қаржылық сауықтандыру; тауарлардың, қызметтердің АӨК субъектілеріне экономикалық қолжетімділігін арттыру; АӨК субъектілерін қамтамасыз жасау мемлекеттік жүйесін жетілдіру; АӨК мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру.

Бүгінгі таңда еліміз әлемдік нарық кеңістігіне еніп отырған кезде, ауылшаруашылығы саласына заманауи озық үлгідегі жетістіктерді енгізу өзекті де шешімін кейінге қалдыруға болмайтын мемлекеттік шара және оны жүйелі негізде жүзеге асыру керек. Ауылшаруашылық дақылдарын әлемдік стандарттарға сай өңдеп, ЕО және көрші мемлекеттерге отандық азық-түлікті экспорттауға зор әлеуетіміз бар.

Ауылшаруашылық құрылымындарындағы егістік жерлерді бағалау жүйесін жетілдірудің әлемдік озық тәжірибелер негізінде болуы керек. Жерді экономикалық бағасын реттеудің негізгі бағыттары:

а) егістік жерлердің әрбір ауыл шаруашылық зоналары бойынша экономикалық бағасын анықтау;

ә) егістік жердің сапасына қарай жер салығының мөлшерін белгілеу;

б) әрбір аймақтағы егістік жерлерді қорғау мен тиімді пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде егістік жердің құнарлылығының сақталуы мен жақсаруын бақылау;

в) шаруа қожалықтарының егістік жерлерін құнарландыру шараларын жоспарлы түрде жүзеге асырылуын бақылау.

г) қаржылық сауықтыру;

д) егістік жерлерді бағалау қызметтерінің қолжетімділікті арттыру;

е) егістік жерлерді бағалауды жүргізетін мемлекеттік жүйелерін дамыту;

ж) жерлерді бағалау жұмысында мемлекеттік реттеу жүйесін арттыру.

з) егістік жерлерді бағалау және тұрақты жұмыс істеуі үшін тұрақты қаржы-несие жүйесін құру.

Топырақ құнарлылығының төмендеуіне табиғи факторлардан бөлек минералдық және органикалық тыңайтқыштардың қолданылмауы, агротехникалық талаптардың сақталмауы және де ғылыми негізделген ауыспалы егіс жүйелерінің болмауы да басты себеп болып отыр. Мәселен, 1990 жылы 1 гектар егістік алқапта берілген тыңайтқыштар 19,1 келіні, 2000 жылы 0,7 келіні, ал 2014 жылы 4,14 кг. құрады. Зерттеулер анықтағандай Алматы облысында егістік жерлердің құнарлығын артыруға келесі факторлар кедергі болып тұр:

- күріш егілетін егістіктерді шаруа қожалықтарының игеруге әлеуетінің жетіспеушілігі;

- техникамен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі, моралдық және физикалық ескіруі өнімдерді еуропалық стандартқа сай сапалы шығаруға мүмкіндік бермейді;

- шаруа қожалықтары және ғылыми мекемелер арасындағы өзара ұйымдастырылған іс-әрекет байланыстың жоқтығы;

- ауыспалы егіс, яғни ғылыми негізде егіс танаптарында белгілі уақыт аралығында алмасып отырмауы;

- үлкен мерзімге несиелеу және кепілге өсірілетін өнімдерді банктердің қабылдамауы;

- фермерлерге субсидияның жеткілікті жетпеуі;

- шаруа қожалықтарына лизинг механизмінің қол жетімділігінің болмауы;

- шығымы жоғары дақылдар тұқымдарын шаруа қожалықтарының сатып алу мүмкіндігінің аздығы;

- егістік алқаптарды пайдалануда жердің балл бонитетін ескеріп қолданудың болмауы;


- егістік алқаптарына егілетін дақылдарды егуде суды аз қажет ететін түрлерін егуді ескеру немесе тамшылап суғару жүйесінің өте аз деңгейде енгізілмеуі;

- шаруа қожалықтарында интернет жүйесін пайдаланып, сұранысқа ие болатын ауыл шаруашылық өнімдерді өсіру жайлы ақпараттың болмауы;

- әрбір шаруа қожалығының егістік алқабы және өсіріліп жатқан ауыл шаруашылық дақылы жайлы ақпараттың интернетте болмауы;

- шаруа қожалықтарын иелеріне жер ресурстарын пайдалануда отандық және әлемдік технологияны қолдану жөніндегі білімін жетілдіру курстарының болмауы.


Алматы облысындағы 16 ауданның ауыл шаруашылық жерлерінің бонитет баллының шамалары әр түрлі. Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. 1991-2014 жж. Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы, мың га

Сурет 1 анализ жасаған кезде Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 1991 ж. – 15900 мың га, 2012 ж. – 7800 мың га, 2013 ж. – 8400 га, 2014 ж. – 8800 га теңелді. 2014 ж. көрсеткіштерді 2013 ж. көрсеткіштермен салыстырғанда ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 400 мың га өсті, немесе 4,76% өсті. 2014 ж. көрсеткіштерді 1991 ж. көрсеткіштермен салыстырғанда ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 7100 мың га азайды, немесе 47,17% азайды.

Алматы облысының аудандарының орташа балл бонитеті 2-сурет көрсетілген.




2-сурет. Алматы облысының аудандарының орташа балл бонитеті.

2-сурет экономикалық талдауды анықтайды, Алматы облысы аудандарының орташа балл бонитеті 9 баллдан 24 баллға дейін болуы мүмкін.

Топырақтың бонитет балдары оның сапалық қасиеттерінің сандық көрсеткіші болып табылады, облыста өсірілетін басты дақылдың көпжылдық орташа түсіміне сәйкес болады. Бонитет балдары ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге қолайлылығын анықтауға, оларды тиімді пайдалануды жоспарлауға мүмкіндік береді. Облыстың 16 ауданының немесе шаруа қожалығының нақты жерлерінің орташа бонитет балдары есептеліп, олар ауыл шаруашылық дақылдардың көпжылдық орташа түсімімен салыстырылады. Осы шама шаруа қожалығының жерінен алынатын өнімдерді болжауға, жоспарлауға, әлеуетін анықтауға мүмкіндік жасайды. Яғни осы анықталған көрсеткіш арқылы шаруа қожалығының жерінің экономикалық тиімді пайдаланылғаны бағаланады. Бүгінгі кезде ауыл шаруашылық жерлерінің бонитет балын анықтау ең өзекті, қажеттілігі артып отырған мәселе қатарына жатады. Себебі егістік жерлерді бонитет баллы арқылы бағалау бүгінгі күннің басты талаптарына жатады. Нарықтық экономикада экономикалық бағалауларды іс-тәжірибеде қолдануға сұраныс артты. Қазіргі кезде ұлттық экономикамызда есептелмеген құндылық болмауы тиіс, құндылықтар есептеліп шығарылмаса, шешім қабылдағанда ескерілмейді. Сапасы жақсы, қолайлы орналасқан жерді пайдаланушылар жердің табиғи өнімділігінің, тиімді орналасуының арқасында қосымша пайда табады. Егістік жерлерді ұтымды да тиімді пайдалану ауыл шаруашылығындағы маңызды экология-экономикалық мәселе қатарына жатады.

Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің қолдануы бойынша бөлінуі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің қолдануы бойынша бөлінуі.

3-суретте көрсеткендей, Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің қолдануы бойынша бөлінуі: жайылым жерлер - 7424,6 мың га, шабындық жерлер – 206,9 мың га, тың жер – 53,5 мың га, көпжылдық екпелер – 20,9 мың га, егiстiк – 1093,7 мың га, бақша – 0,4 мың га аумағын алады.

Жүргізілген ғылыми зерттеулер барысында анықтағанымыз Алматы облысында ауыл шаруашылығы айналымынан шыққан жерлердің топырағы негізінен 4 топқа бөлдік: сұр; ашық қызыл-қоңыр; қара; қызыл-қоңыр.

Егістік жерлердің ауыл шаруашылық айналымнан шығуының 4 себебі бар пайдаланылмай бос жатқан жерлер; басқа салаларға берілген жерлер; ластанған жерлер; әр түрлі эрозияға ұшыраған жерлер. Ұлттық экономикамызға керекті ауылшаруашылық өнімдерін толық алуға, топырақтың құнарлығын сақтауға және оны жүйелі түрде арттыруға бағыттайды. Міне осы аталған міндетке сәйкес жер иесі егістіктің құнарлығын арттыру бойынша нәтижелі шараларды жүргізуге, жел және су эрозияларына қарсы ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық жұмыстарды жүзеге асыруға, сонымен қатар тұзданудың, ластанудың, тақырға айналуының және жерлердің жай-күйін төмендететін жайлардың алдын алу кешенді жүзеге асыруы керек. Ауыл шаруашылығы тек қана дақылдарды өсірумен шектелмей, қоршаған ортаны қорғау, табиғатта тепе-теңдігін сақтау тиіс. Осыған байланысты жер қорларын қорғау ең маңызды ұлттық мәселе, сондықтан оны облыстық ауыл шаруашылық департаменттері үнемі назарда ұстауы керек. Бұл мәселені шешу үшін облыстың жер қорларының сапалық жай-күйі туралы толық, дәйекті, деректі мәліметтер жинақталуы және болуы керек.

Зерттеу мәліметтері байқатқандай, Алматы облысында ауыл шаруашылық жерлері ұтымды, тиімді пайдалану және егістіктің құнарлығын арттыру мақсатында болашақ кезеңде жүзеге асырылуы тиіс келесі шаралар:

- егіншілік жүйесінде 16 ауданының табиғи ерекшелігін ескере отырып, озық агротехникаларды және ауыл шаруашылық жерлерін, соның ішінде суғарылатын жерлерді айналымға енгізу;

- элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын дамыту. Аудандастырылған сорттарды көбейту, сорт жаңартумен айналысу;

- астық дақылдарын өсірудің прогрессивтік технологиясын енгізу, бидайдың қатты және күшті сорттарын өсіруді қамтамасыз жасау. Бидайдың егіс алқабын, соның ішінде мал азығына жұмсалатын астық түрлерінің ауданын ұлғайту;

- егілетін егістік ауданын ұлғайту және егістік түсімін арттыру арқылы ауданның ішкі шаруашылық және аймақтық (өсімдік құрамы, топырақ ерекшелігі, ауа райы жағдайы жөнінде бір тектес аймақ) ерекшелігін ескере отырып дамыту;

- жерді қорғау мен құнарландырудың шараларын мемлекеттік қадағалау;

- суармалы жерлерде жоғары деңгейде технология қолданып, ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалуға жол бермеуіміз тиіс. Ондай жерлер облыстың өте құнарлы да құнды қорына жатады, сондықтан егістікті қорғаудың озық инновациялық технологияларын қолдану керек.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан жолы-2050" – Астана, 18 қаңтар 2014 жыл.
2. "Агробизнес-2020" 2013-2020 жж. арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту (АӨК) бағдарламасы – Астана, 13 ақпан 2013 ж.

Токпейсова Г.Ш., Кайырбаева А.Е.

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация В статье рассматриваются потенциальные возможности эффективного использования земельных ресурсов и пути повышения. Инновационная технология основа рационального использования земельных ресурсов и залог производство конкурентоспособного продукции.

Ключевые слова: земельные ресурсы, плодородия пашни, экономическая эффективность использования земли, основа рационального использования земли, инновационная технология.

THE WAYS FOR INCREASING EFFICIENCY OF USING LAND RESOURCES IN ALMATY OBLAST

Annotation The potential ways for efficient using of land resources and the ways of improving them are defined in the article. The innovation technology is the basis for the rational use of land resources and the guarantee for the production of competitive products.

Key words: land resources, fertility of plough lands, the economic efficiency for using lands, the basis of the rational land use, the innovation technology.

ӘОЖ: 631.18.02

Токпейсова Г.Ш.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН НАРЫҚТЫҚ АЙНАЛЫМҒА ҚАТЫСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер ресурстарын нарықтық айналымға қатыстырудың тиімділігі жазылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жер нарығы, инвестиция, жекеменшіктегі жерлер, жерді пайдаланудың экономикалық тиімділігі.

Кіріспе

Әлемдегі 180-нен астам мемлекет ішінде Қазақстан территориясының көрсеткіші жағынан 9-орында, бүкіл жер шарының 2% алып жатыр. Көпшілік жеріміз ауыл шаруашылығын жүргізуге тәуекелділік аймаққа жатады, бірақ осыған қарамастан, еліміз астық өндіретін алғашқы ондыққа кіреді және экспортқа ұн шығарудан 1-орындамыз. Бірақ, осыншама ұлан-ғайыр территорияның көпшілігі, яғни 70 пайыздан астамы шөлейт және шөл аймақта орналасқан. Еліміздің бүкіл жер қорының 60 пайызы жазық дала, 30 пайызы ұсақ жоталар, 10 пайызы таулы болып келеді. Солтүстіктен оңтүстікке жүретін болсақ, топырақ құнарлығы өзгеріп, осыған байланысты өсімдік дүниесі де алмасып отырады: орманды дала – 0,6 млн. га, дала – 7,4 млн. га; жартылай шөлейт – 37,5 млн. га және шөл – 117,3 млн. га.

Елімізде жер нарығының пайда болғанына 24 жылдай болды. Жердің құндылығы барлық қоғамда оның тұтыну құнын өндіретіндігімен анықталады. Ата Заңымыздың 6-бабында көрсетілген: “Жер жеке меншікте болуы мүмкіндігі” [1]. Жер ресурстары халқымыздың басты байлығы және қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі. Еліміздегі жер ресурстарының нарық талабы мен сұранысына орай айналымға түсуі және оның маңыздылығы болашақта арта беретіндігі айқын.

Қазақстан Республикасы ДСҰ мүшелікке өтуі анықталып отырған кезде және Еуразиялық Одақ кеңістігінен инвестицияның кедергісіз келуі де жер нарығының дамуына тікелей байланысты. Мемлекетімізде жер ресурстары заңды негізде жеке меншікке сатылуда және оның үлесі жылдан-жылға ұлғаюда.

Қазақстан Республикасында 2004-2014 жж. жеке меншікке сатылған жерлер ауданы 1-суретте көрсетілген.